

Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 12 сәуір N 295. Күші жойылылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1996.01.08. N 29 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы" және "Қазақстан Республикасында конституциялық сот ісін жүргізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын күшіне енгізудің тәртібі туралы" 1992 жылғы 6 маусымдағы қаулысын орындау үшін және Конституциялық Соттың қызметіне қажетті жағдайлар туғызылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері Конституциялық Сотқа өз қызметін жүзеге асыруына жан-жақты жәрдем көрсететін және олар өздері шығарған нормативтік сипаттағы барлық актілерді оған бағыттап отыратын болсын.

2. Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетінің Аппараты Конституциялық Сот судьяларының Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің және оның Төралқасының мәжілістеріне қатысу құқын жүзеге асыруды қамтамасыз етсін және Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті шығарған барлық нормативтік актілерді Конституциялық Сотқа жіберіп отырсын.

3. Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Шаруашылық басқармасы және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Емдеу-сауықтыру бірлестігі Конституциялық Соттың қызметкерлеріне санаторийлерге, демалыс үйлеріне, пансионаттарға, пионер лагерьлеріне жолдама, мектепке дейінгі балалар мекемелеріне орын бөлсін, сондай-ақ Сот қызметкерлеріне медициналық қызмет көрсетуді қарастырсын.

4. Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының Шаруашылық басқармасы Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының автомобильдеріне қамту мен техникалық жөндеуді шарттық негізде жүргізетін болсын.

5. "Республикалық "Қазконтракт" контракт корпорациясы" акционерлік қоғамы мен Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі 1993 жылдан

бастап Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына жиһаз, жабдықтар, құрал-саймандар, кеңсе тауарларын бөлуді қамтамасыз етсін. Үкіметтің шешімі талап етілетін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсыныс енгізсін.

6. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотын телефон, телеграф және телекс байланысымен тікелей шарт бойынша қамтамасыз етсін, Қазақстан Республикасының Сауда министрлігі, республикалық "Қазжеңілжабдықсауда" бірлестігі Конституциялық Соттың өтінімдеріне сәйкес 1993 жылға материалдық-техникалық ресурстар қарастырсын.

7. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі Инвестициялық қордан Конституциялық Сот үшін 1993 жылы тұрғын үй салуға (400 шаршы м) қажетті қаражат бөлсін және мұнан былай тұрғын үй салуға оған жыл сайын лимиттер бөлуді қарастыратын болсын, ал Алматы облысының әкімі құрылысты белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін.

8. Алматы облысының және Алматы қаласының әкімдері Конституциялық Сот аппаратының судьялары мен қызметкерлері үшін жеке тұрғын үй салуға учаске және бау-бақша учаскесін бөлетін болсын.

9. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі Конституциялық Соттың қызметін әйгілеп отыруды және оның материалдарын жариялауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі